

АТАМЕКЕНГЕ БІЛІМ АЛУҒА КЕЛГЕН ШЕТЕЛДІК ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Біздің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті 2011 жылы 1985 жылы ұйымдастырылған шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінің негізінде қайта құрылды. Екі мыңыншы жылдың басталуы жаңа заманның лебін ала келді: біздің факультет маңызды қадамын – шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдерін оқыту ісін бастады. 2001 жылдан бері факультетте президенттік бағдарламаның аясында шетелдік қазақ жастары білім алып жатыр.

Университеттің даму стратегиясы мен талабына сай факультет өз мақсаты мен міндеттерін, бағыт-бағдарын, парызын, оқу үдерісін модернизациялаудың негізгі бағыттарын белгілеп, стратегиялық жұмыс жоспарын жасайды. Стратегиялық жоспардың міндеттерін іске асыру барысында факультет Қазақстандағы отандық ЖОО-ға түсуге шетелдік қазақ тыңдаушыларын дайындайтын, сонымен қатар өз жұмыстарының барлық бағыттарында корпоративті менеджменттің ұтымды жүйесін меңгерген, өз әдістемесін оңтайлы пайдалана алатын және алдыңғы қатарлы әдістер мен технологиялары қалыптасқан оқу-әдістемелік орталық ретінде отандық білім кеңістігінде өзін таныта білді. Осы кезеңнен бастап факультет алдына қойған үлкен міндетті: этникалық қазақтарға еліміздің отандық жоғары оқу орнына грантпен түсуге мүмкіндік беретін ҰБТ сынағына даярлау мақсатында негізгі пәндермен қатар болашақ мамандығына қатысты таңдау пәндері бойынша оқыту ісін жүзеге асыруда. Жыл сайын шетелдік қазақ жастарына арнайы бөлінетін грант саны да артуда. Факультетте шетелден қазақ жастарына білім беру ісімен ЖОО-ға дайындық кафедрасының еңбек ұжымы айналысып келеді. Шетелдік қазақ жастарының біздің білім ордасында білім алып жүргеніне жиырма жылдан асты. Бірақ кафедрада шетелден келген қазақ тыңдаушыларының контингентін қалыптастыру барысында туындайтын бірқатар мәселелер әлі де оңтайлы шешім тапқан жоқ. Шетелдік қазақ жастарына атамекенге келе сала мемлекетіміздің Ата Заңына сай құжаттарын ресімдеуі қажет. Осы құжаттарын ресімдеу барысында кейде қандастар тарапынан қателіктер кетіп жатса – құжаттарының толық болмауы, дер кезінде құжаттарына апостоль қойылмауы, нострификациядан өтпеуі, миграция бөлімшесіне уақтылы белгіленбеуі, ресми тіркеуге тұрмауы, виза мәселесі, тіркеу уақтының өтіп кетуі секілді, т.б. мәселелермен қатар жергілікті мекеме қызметкерлерінің жауапкершілігінің төмендігінен,

мемлекеттік тілді меңгермегенін алға тартып, ресми тілде – орыс тілде жауап беруі, дұрыс нұсқау, толық кеңес бермеуінің салдарынан туындайтын мәселелер аз емес. Ескеретін жайт, біздің елімізде цифрлық технологиямен қызмет көрсету деңгейі жақсы дамыған: шетелден келген білім алушы қазақ жастарына «egov» электрондық қызметінің мобильдік қосымшасын жүктеп алуға және осы порталда 100-ден астам қызмет түрі онлайн жүйеде жүзеге асырылатындығы туралы пайдалы кеңес беру және оны тиімді пайдалану жолдарын түсіндіру, үйрету керек, деп санаймын. Мүмкін, болашақта шетелдік қазақтарға және жалпы елімізге келетін шетелдіктерге ақылы болса да (авто ХҚК-дағы секілді) қызмет көрсету жүйесін, ұшқыр топтарды құру керек болар.

Мысалы, ағымдағы оқу жылы білім алып жатқан 1-топ тыңдаушысы Манат Қарақат тіркеу мерзімін өз уақытында созбағандықтан, құжатын ресімдемей жүре бергендіктен қомақты айыппұл төлеуі қажет болды. Факультет пен кафедра басшылығы бұл жайттан хабардар болған сәтте-ақ, бұл істі қолға алып, Манат Қарақатқа моральдық қолдау көрсетіп, материалдық көмек берген соң, мәселе оң шешімін тапты. Осы бағытта біздің кафедра оқытушыларының, әсіресе, куратор-эдвайзерлердің еңбегі зор. Қазіргі таңда университетте кураторлардың санын қысқарту – әр топқа емес, 1 курсқа, мысалы, қазақ бөлімінің 1 курсына 1 куратор тағайындау мәселесі қарастырылып жатыр, алдағы оқу жылы осындай жүйемен кураторлық жетекшілік жүзеге асырылады. Тыңдаушыларды медициналық тексерістен өткізу, олардың ЖСН-ы мен электрондық кілттерін, банк карталарын ресімдеу секілді т.б. басқа әр тыңдаушының жеке басына қатысты құжаттарын ресімдеуге, реттеуге ат салысатын біздің кураторлар үшін мұндай қысқарту өте тиімсіз. Себебі атамекеніне білім алуға шетелден келген қазақ жастарын еліміздің саяси-экономикалық, ментальдық өзгерістер мен екітілділік немесе полиэтносттық экстралингвистикалық факторы бар жергілікті жағдайға бейімдеу қажеттілігі туындайды. Сондықтан бала санына қарай 20-25 тыңдаушыға бір куратор-эдвайзер тағайындауын және куратор жұмысына қосымша ақы төлену істерін қалдыруды университет басшылығына ұсыну қажет деп санаймын.

Тағы да бір аса назар аударуды қажет ететін жайт – тіл мәселесі. Біздің тыңдаушылар контингентінің ауқымды

бөлігін, негізін ҚХР-нан келген қазақ жастары құрайды. Олардың көпшілігі қытай мектебінде қытай тілінде немесе қазақ мектептерінде оқығандары төте жазумен білім алып келеді. Басым көпшілігі ана тілін тек күнделікті тұрмыстық, күнкөрістік деңгейде меңгерген. Болашақта оларға ЖОО-ларда дәрістерді қазақ тілінде жазу керек болады. Осы сәтте қазақша жазу мәселесі үлкен қиындық тудырады, отанында ана тілінде білім алған қазақ жастарына ілесе алмайды, қытай мектебінде оқығандар кириллицаға негізделген қазақ әліпбиімен дәрісті мүлде жаза алмай қиналады. Төте жазумен оқығандар әуелі дәрісті араб графикасының бейімделген төте жазуымен жазып, содан кейін кириллицамен көшіріп жазып әуре болады. Осы мәселені ескере отырып, заман талабына, тұтынушылардың/тыңдаушылардың сұранысына қарай біздің оқу бағдарламасына өзгеріс енгізіп, қазақ тілі фонетикасының сағатын көбейту керек, алғашқы жеті аптада қазақ тілі фонетикасын тереңдетіп оқытып, тыңдаушылардың функционалдық сауаттылығын – тілдің негізгі төрт аспектісі: оқылым, жазылым, тыңдалым, сөйлесім бойынша қалыптастыру қажет. Қорыта айтқанда, біздің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы еңбек ұжымының негізгі мақсаты – шетелдік қазақ тыңдаушыларын отандық жоғары оқу орындарына оқу түсуге дайындау, сонымен қатар олардың білім сапасын көтере отырып, олардың ЖОО-ға түсуінің пайыздық көрсеткішін арттыру. Тарихи отанына білім алуға келген қазақ жастарын атамекеніне – Қазақстанды – Отаным деп тануға баулу, отанына адал қызмет етуге дайын патриоттық рухта тәрбиелеу, оларға қажетті жағдайда моральдық және материалдық қолдау көрсету, еліміздің қазіргі таңдағы саяси-экономикалық жағдайына, мәдени ортасына қарай бейімдеу болып табылады. Әлемдік білім-ғылым кеңістігінде жаңа мазмұнды білім жүйесіне интеграциялау – инновациялық оқу үдерісін ұйымдастыру жұмысы барысында ақпараттық және педагогикалық технологияларды тиімді түрде пайдалана отырып, білім алушының сұранысына қарай оффлайн білім берумен қатар, қашықтықтан оқыту жүйесінде де сапалы білім беру жұмыстарын ұйымдастыру қажет.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті»

КеАҚ ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының
аға оқытушылары Наралиева Р.Т., Бегалиева А.К.,
Тойғанбекова М.Ш.

Университет- мектептен кейінгі адам баласының білімін мамандығымен ұштастыра отырып жетілдіретін ерекше білім ордасы. Мамандықтың қыр-сырына даярлайтын бұл білім ордасы қазақ жерінде тура бір ғасыр бұрын бастау алған. Университеттердің ашылу кезеңдеріне біз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін жатқыза аламыз. Бір ғасырға татитын тарихы бар бұл университет, тек қазақ даласына ғана емес, аты жеті тарапқа дарыды. Дәл мұндай аты әлемге танылады деп ешкімнің жеті ұйықтаса да, түсіне кірмеген шығар. Себебі, сол кезеңде қазақ даласында орын алған қанды шайқастар және аштық кезеңдері мен сауатсыздық қоғамы белең алып тұрған кезең еді. Осы жағдайларға қарамастан бұл университет ашылып қана қоймай, жұмыстарын одан әрі жалғастыра берді. Тыңғылықты жұмыстардың нәтижесінде өзінің тарихын қалыптастырды. Тарихының қайнар көзіне келетін болсақ, 1934 жылы 15 қаңтарда іретасы қаланды. Еліміздегі білім беру жүйесінің беткі ұстар көркі, кәсіби білікті ғылыми және педагогикалық мектептердің бастауы болды. Бұл бастама қазіргі таңда қарқынды түрде даму үстінде.

КИЕЛІ ҚАРА ШАҢЫРАҚҚА АЙНАЛҒАН УНИВЕРСИТЕТ

Университеттің тарихы еліміздің маңызды кезеңдерімен тығыз байланысты. Бастапқы жылдары тек педагогикалық мамандықтарды негіздеп оқыта бастаған болатын. Ал, соғыс жылдарында көрші елдердің әсерінен, техникалық және филология мамандықтары қосыла бастады. Яғни, бұл университетке мамандықтар кезең-кезеңімен қосылып отырған. Мамандықтың дұрыс- бұрыстығына бағыт-бағдар беретін ол әрине- ұстаздар қауымы. Университет ұстаздарының тарихына көз жүгіртсек, есімдері әлемге танымал Мұхтар Әуезов, Ермұхан Бекмаханов пен Қаныш Сәтбаев сынды ғалым-академиктер аудиторияларда дәріс оқыған. Бұл да университеттің абыройын арттыратын ерекше тарихи тағалымдары болып табылады. Еліміздің тәуелсіздік алуы бұл университетке әсер етпей қоймады. Себебі, 1991 жылы адамзаттың екінші ұстазы атанған, түркі әлемінің ұлы ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби есімін иеленді. Уақыт өте келе 2001 жылы еліміздің алғашқы ұлттық университеті мәртебесін алды. Осы кезеңдерден бастап мамандықтар халықаралық талаптарға сай өзгере бастады. Сол кезден осы уақытқа дейін білім беру жүйесін және өзіндік құндылықтарын жойған емес. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздің ғылым-білім саласына тигізген пайдасы орасан зор. Соның арқасында осы саладан Азия және Орталық Азия мемлекеттеріне ерекше танымалға ие деп мақтанышпен айтуға болады. Бұл университеттің емес, сонымен қатар Қазақстан жоғары білім беру жүйесінің әлемдік биік көрсеткіші деп айтар едік. «Қара шаңырақ» ҚазҰУ көпшілік сүйген университет. Көпшілік махаббатының жетер биіктері мен асар асуларының көптігін бәріміз білеміз және тек қана сәттілік пен оң табыс тілейміз. Қасиетті университетімізді әлемнің тек 150 қатарына ғана емес, ондықтың қатарына кіргізуге сіз-біз болып атсалысайық.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, шет тілдері кафедрасының
оқытушылары Мурзатаева А.Т., Махарова Г.С.,
Баймуратова Э.С., Әбдіжаппар А.Ә.

Шетелдік студенттерді көркімен тамсандырған «КӨКТӨБЕ»

Көктөбе – Іле Алатауының бөктерінде орналасқан көз тартарлық сұлу жер. Алматы қаласының әсем жерлерін сипаттағанда бірінші болып Көктөбе көзге түседі. Тау сілемдерінің биік шоқысы Көктөбенің әр бұрышы тарихтан сыр шертеді. Әлемдік рекордтардан көш бастап тұрған Алматы - әсем қаламыздың көркіне көрік беріп тұрған Көктөбенің сұлу келбетінің өзі бір төбе. Осындай көркем табиғатымен тәнге қуат беретін тұнық ауасын шетелден Моңғолия, ҚХР, Өзбекстан, Түркия, Иран, Ауғанстан, Сауд-Арабиясы тағы басқа мемлекеттерден келген қандастарымызға жер жәннатты Жетісудің табиғатын көрсетіп, рухани азықпен, табиғат аясындағы демалыс ұйымдастырығмыз келді. Табиғатты аялауды насихаттау мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының куратор-эдвайзерлері шетелдік студенттерге Көктөбенің көркін тамашалауға саяхат ұйымдастырды.

Іле Алатауының бөктерінде орналасқан Көктөбедегі телемұнараның өзі әлемдегі ең биік деп саналады. Мұнара 10 баллдық жер сілкінісіне де төтеп бере алатындай беріктікпен салынған. Сондай-ақ мұндағы аспалы жол да ел және жаһан жұрты асыға келетін орынға айналған. Бұл аспалы жолдың ұзындығы 1620 метр. Ал, үстіңгі және төменгі станциялардың биіктік айырмасы 250 метрді құрайды. Сонымен қатар ағылшындық The Beatles тобына арналған мүсіндер ТМД елдеріндегі екінші ескерткіші. Ал, әлем бойынша Көктөбеде ғана The Beatles тобының құрамы толық жиналған монумент бар.

Шетелдік студенттерді көркімен тамсандырған осы бір Шаһардың бейнесі, алақандағыдай көрінетін Көктөбенің көрік ертегі әлеміндегідей әсер қалдырды.

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының куратор-эдвайзерлері:
Г.М. Мужигова, Г.Т. Тилеужанова, Н.Т. Исаева

